

**Балтымова Майра Рашидовнаның «6D020500-Филология» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін  
дайындалған «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы,  
поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыссына  
отандық көнешшінің**

**ПІКІРІ**

Қазақ балалар фольклоры – жас үрпактың азаматтық тұлғасын қалыптастыруға септігі зор халықтың жауһар туындысы. Өскелен үрпактың бойында үлттық кодты қалыптастыратын да осы балалар фольклоры. Елдің болашағы – үрпағында, үрпак тәрбиесі мен оның білімінде. Қазақ балалар фольклорының шығармаларын дәстүрлі тәрбиеде кеңінен колдану үрпағымыздың болашағын құруда маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Фольклор – үлттың біріктіретін, үрпактар сабактастырын келесі үрпакқа табыстайтын, жүйелілік пен бірізділікті сақтап қалатын мазмұны терең, көркем сөзге құрылған, тәрбиелік мәні зор халық шығармашылығы. Балаларға арналған ауыз әдебиеті мұрасын зерделеп, олардың мәні мен мағынасына терең бойлаған кезде болашақ үрпағымыздың бойына салт-дәстүрлерді, жөн-жоралғыларды, әдет-ғұрыптар мен үлттық құндылықтарды сіңіре аламыз. Бұл ретте қазақ балалар фольклоры өзінің танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық қызметін айқындаپ, үрпак тәрбиесіндегі өзектілігін айқындаіды.

Диссертацияда осы уақытқа дейін балалар фольклорының тақырыптық, мазмұндық, типологиялық жағы сұрыпталып, классификациялануы жан-жақты зерделеніп, балалар фольклорын жинақтаудағы ғылыми ізденістер мен олардың нәтижелері көрсетіледі. Үрпак тәрбиесіндегі халық мұрасы мен салт-дәстүрлеріміздің, әдет-ғұрыптарымыздың идеологиялық, мәдени-тариҳи, қоғамдық-әлеуметтік алғышарттары жан-жақты талданған.

Диссидентант Балтымова Майра Рашидовнаның бұл жұмысы қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын зерделеп, мифологиялық мотивтердің көмегімен қазақ балалар фольклорының генезисін айқындаپ, жанрлық сипаты мен ерекшеліктері негізінде балалар фольклорының типологиясын сарапал, балалар фольклоры мәтіндеріне көркемдік құралдардың көмегімен талдау жасау арқылы фольклордың поэтикасын ашуға арналған. Ғылыми жұмыста қазақ балалар фольклоры үлгілерінің XIX ғасырдың ортасынан бастап халық аузынан жинақталып хатқа түсе бастаған кезеңі, XX ғасырдан бергі қазақ балалар фольклорының ғылыми зерттеу нысаны ретіндегі көрінісі сипатталып, генезисі, типологиясы, поэтикасы айқындалған. Сонымен бірге, қазіргі фольклористиканың дамуындағы үлттық кодымызға сай қазақ балалар фольклорының тұрақты құбылыс ретіндегі көрінісі баяндалған.

Докторант қазақ балалар фольклорын зерттеушілердің еңбектерін талдаап, балалар фольклорының дамуына тарихи шолу жасау арқылы оны ғылыми нысан ретінде анықтап, қазақ балалар фольклорының дәстүрлі

орындалуы мен трансформациялануын қарастырып, тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығын саралаған.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде үлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ұрпақ болашағын ата-баба салған сара жолмен сақтап, дамытуға негізделген үлттық, философиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық деректері, қазақ балалар фольклорының калыптасуы, поэтикасы, генезисі туралы ғылыми зерттеулер мен ой-тұжырымдар, фольклористика ғылыминың дамуын зерттеген ғылыми талдаулар, салыстырмалы зерттеулер төңірегіндегі ғалымдардың енбектері пайдаланылған.

Диссертациялық жұмыста қазақ балалар фольклорының тақырыптық, мазмұндық жаңашылдығы сараланып, фольклортану ғылымындағы жана бағыттарға, идеяларға талдаулар жасалған. Сондай-ақ фольклорға тән ерекше сипат беретін фольклорлық мұраның халықтың рухани өмірінде ерекше орын алатын көріністері мен ұрпақ тәрбиесіндегі жойылмайтын, ескірмейтін тұрақты, тәрбиелік һәм эстетикалық құны жоғары құрал болып табылатын тұстары көрсетілген.

Қазақ балалар фольклорының атқаратын қызметіне қарай оның бала мен ересек адам арасындағы қарым-қатынас орнатушы дәнекер екендігі, ұрпағымыздың санасына рухани азық беріп, ізгілік жолында жетекші фактор бола алатындығы баяндалған. Зерттеу барысында қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгілері көрсетіліп, фольклордың жанрлары, олардың танымдық, тәрбиелік, эстетикалық мәні мен көркемдік құрылымдары сарапталған.

Диссертациялық жұмыста қазақ балалар фольклорының бүгінгі күнгі қолданыстағы жайы талданып, оның дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануы арасындағы байланыстар сарапталған. Зерттеуде қазақ халқының ежелгі тұрмысы, болмысы назарға алынып, қазақ балалар фольклорының дәстүрлі жалғастыруышылары ретінде балалар әдебиеті, балалар өнері, балалар музыкасы, балалар киносы сияқты танымдық аспектілердегі байланысы көрсетілген. Сонымен бірге, қазақ балалар фольклорының ғаламтор, әлеуметтік желі, онлайн кітапханалар, мәдени мұрамызды насиҳаттаушы арнайы вебсайттар, цифрлық платформалар сынды медиа ресурстарда қазақ балалар фольклорының трансформациялану үдерісіне көшіп жатқандығы диссертацияда жақсы айтылған.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын талап деңгейіне сайдайындалған. Жұмыс кіріспеден, уш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Жұмыстың әрбір бөлімі тарауларға жіктеліп берілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұрақтылықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сактай отырып жалғаскан.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін қазақ балалар фольклорын зерттеп, оның құндылығын, табиғи болмысын, дүниетанымдық сипатын фольклордың өмірмен тығыз біртұастықта даму үрдісінің өзектілігін теориялық тұрғыдан пайымдап, ғылыми деректер негізінде тұжырымдар жасауға пайдалануға болады

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша елімізде және шетелдерде өткен халықаралық ғылыми конференцияларда бірнеше мақалалар жарияланған. Диссертацияның зерттеу идеясы мен қорытындыларын негіздеу мақсатында қазақ балалар фольклоры туындыларына талдаулар жасалып, жүйеленген.

Жалпы алғанда Балтымова Майра Рашидовнаның «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан М.Р. Балтымованың ғылыми жұмысын «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми женесші,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор



А.Ш. Пангерев